

Шалқар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 122 "Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстерін, атаулары мен тізбесін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 164 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 шілдеде № 6276 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 122 "Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстерін, атаулары мен тізбесін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-197 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шалқар аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулыны Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Алибековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қаниев

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі

және автомобиль жолдары басқармасы" ММ

басшысының міндетін атқарушы

Н. Аспенов

"___" шілде 2019 жыл

Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9
шілдедегі № 164 қаулысына қосымша

Шалқар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14
мамырдағы № 122 қаулысымен бекітілген

Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының индекстері, атаулары мен тізбесі

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-SH-001	Шалқар қаласының оңтүстік айналма жолы	7,4
2	KD-SH-002	Мөңке би ауылына кіре беріс	0,5
3	KD-SH-003	Сарысай ауылына кіре беріс	3,3
4	KD-SH-004	Қайдауыл ауылына кіре беріс	2,4
5	KD-SH-005	Алабас ауылына кіре беріс	17,715
6	KD-SH-006	Шетырғыз ауылына кіре беріс	72,725
7	KD-SH-007	Жылтыр ауылына кіре беріс	2,25
8	KD-SH-008	Бершүгір бекетіне кіре беріс	1
9	KD-SH-009	Тұмалыкөл ауылына кіре беріс	1,7
10	KD-SH-010	Аққайтым ауылына кіре беріс	1,95
11	KD-SH-011	Қауылжыр ауылына кіре беріс	1,4
12	KD-SH-012	Қотыртас ауылына кіре беріс	2,2
13	KD-SH-013	Байқадам ауылына кіре беріс	2
14	KD-SH-014	Бегімбет ауылына кіре беріс	1,4
15	KD-SH-015	Тоғыз ауылына кіре беріс	4,4
16	KD-SH-016	Шілікті ауылына кіре беріс	3,5
Барлығы			125,84